1. Индикатор туралы ақпарат	
Мақсаты	Орнықты даму мүддесінде бейбіт әрі ашық қоғам құруға жәрдемдесу, баршаға сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейде тиімді, есеп беретін әрі кең ауқымды қатысуға негізделген институттар құру
Міндеті	Дамушы елдердің жаһандық басқару органдарының қызметіне қатысуын кеңейту және жандандыру
Индикатор	Халықаралық ұйымдарға мүше дамушы елдердің үлесі және олардың дауыс санының үлес салмағы
2. Ұйым туралы ақпарат	
Ұйым	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтамасы	Дамушы елдердің халықаралық ұйымдардағы мүшелік үлесі мен дауыс беру құқықтары екі құрамдас бөліктен тұрады: дамушы елдердің дауыс беру құқықтарындағы үлесі және олардың халықаралық ұйымдарға мүшелік үлесі. Кейбір ұйымдарда бұл екі құрамдас бөлік бірдей.
Негізгі ұғымдар:	Индикатор он бір түрлі халықаралық ұйым бойынша жеке есептеледі: Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі, Халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы, Африка даму банкі, Азия даму банкі, Американааралық даму банкі, Дүниежүзілік сауда ұйымы және Қаржылық орнықтылық жөніндегі кеңес.
Негіздемесі және түсіндірмесі	Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесінде «дамыған» және «дамушы» елдерді немесе аудандарды белгілеуге қатысты бекітілген бірыңғай конвенция жоқ. Әдеттегі тәжірибеде Азияда орналасқан Жапония, Солтүстік Америкада орналасқан Канада мен Америка Құрама Штаттары, Океанияда орналасқан Австралия мен Жаңа Зеландия, сондай-ақ Еуропа «дамыған» өңірлер немесе аудандар ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта барлық ұйымдар бойынша жиынтық деректер БҰҰ-ның М.49 статистикалық стандартына сәйкес жасалады. Аталған стандартта «дамыған өңірлер» және «дамушы өңірлер» деген белгілер қамтылған. Сонымен қатар, қазіргі шолу ТДМ мониторингі мақсатында осы ұғымдарды қалай анықтау керектігі жөнінде келісімге келуге бағытталған. «Дамыған» және «дамушы» деген белгілер статистикалық қолайлылық үшін пайдаланылады және нақты бір елдің немесе ауданның даму үдерісінде қол жеткізген сатысы туралы міндетті түрде тұжырым білдірмейді.
4. Деректер көздері және жинау әдістері	
Деректер көздері	Негізгі дереккөздер – халықаралық ұйымдардың ресми құжаттары мен жылдық есептері, сондай-ақ олардың ресми веб-сайттарында орналастырылған ақпарат.
Деректерді жинау әдістері	Деректер халықаралық ұйымдардың жыл сайын жиналатын ресми әкімшілік деректері негізінде қалыптастырылады және индикатор мониторингі үшін БҰҰ тарапынан біріктіріледі.
Өлшем бірлігі	

Мерзімділігі	Жыл сайын
5. Есептеу әдісі және басқа да әдіснамалық мәселелер	
Есептеу әдісі:	Индикатор халықаралық ұйымдарға мүше елдердің жалпы санындағы дамушы елдердің үлесі және жалпы дауыс санының ішіндегі оларға тиесілі дауыстардың үлесі ретінде есептеледі.
Түсіндірмелер мен шектеулер:	
6. Деректердің қолжетімділігі және бөлшектеу	
Деректердің қолжетімділігі және олқылықтар:	БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі деректер базасы.
Бөлшектеу деңгейі:	Деректер әрбір халықаралық ұйым бойынша жеке есептеледі және ұсынылады.
7. Халықаралық деректермен / стандарттармен салыстырмалылығы	
8. Сілтемелер және құжаттама	https://www.un.org/development/desa/en/